

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек
құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

Заң жобасында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске түзетулер енгізу көзделеді.

Біздің түсініктемелеріміз Еңбек кодексіне қатысты. Еңбек кодексіне ұсынылған өзгерістердің жартысына жуығы (35-тен 16-сы) жергілікті еңбек инспекциясы органдарының атауын мемлекеттік еңбек инспекциясы деп өзгертуге байланысты. Бұл атауды өзгертуге қатысты бізде ешқандай ескертулер жоқ. Алайда, заң жобасы бойынша бір тұжырымдамалық ескертуді атап өту қажет деп санаймыз.

26-баптың жаңа 1-1) тармақшасы бойынша

Жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету еңбек байланыстарын құруды көздемейтін жағдайларда тараптар азаматтық-құқықтық ережелер негізінде шарт жасаса алады. Мұндай шарттық қатынастар азаматтық құқық нормалармен реттеледі. Бұл ретте, шарттар жасасу еркіндігіне Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-бабының 2-тармағында кепілдік беріледі, ол азаматтар мен заңды тұлғалардың шарттық қатынастар арқылы өз құқықтары мен міндеттерін дербес қалыптастыруға жіне заңға қайшы келмейтін шарттың кез келген талаптарын белгілеуге құқығы бар деп бекітеді.

Сонымен қатар, жұмыс тұрақты болған кезде және компанияның ұйымдық құрылымында лауазымы барған кезде, еңбек заңнамасы жұмыс берушіден еңбек шартын рәсімдеуді талап етеді. ГПК шартын еңбек шарты ретінде тану ҚР ӨҚБтК (86-88-баптар) белгіленген салдарға әкеп соғады.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген тармақшаны алып тастауды ұсынамыз.